

Д.А. Джумабеков^{ID}, М.Ы. Ыбырайхан^{ID}, Ә.Б. Жағыпар^{ID}

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: azmukhan@mail.ru, marat_19.93@inbox.ru, karakesek334@mail.ru)

Орталық Қазақстандағы 1920 жылдар соңындағы тәркілеу науқаны: жергілікті билік рөлі мен дәстүрлі қоғам ерекшелігінің ықпалы

Мақалада 1920 жылдар аяғындағы Орталық Қазақстандағы тәркілеу науқанының ерекшеліктері мен зардаптары, жергілікті жағдайға байланысты өзгерістер, туыстық байланыс арқылы тәркілеу барысына жүргізілген ықпалдар мен әсерлер қарастырылған. Сонымен қатар, архивтік деректер арқылы анықталған осы мәселелер ауызша деректер арқылы расталып, талданған. Тәркілеу уақытындағы бей-берекетсіздік пен ретсіздік себептері мен салдары көрсетіліп, ақпараттың жеткізілуінің науқан барысына әсері де сарапталады. Тәркілеу туралы нұсқаудың орындалуы жергілікті жерде жоғарыдан көрсетілгендей жүргізілмегенінің бірнеше себептері болған. Бұл себептерді анықтау мен көрсету сол кездегі қоғам және сол уақытқа дейінгі саяси-әлеуметтік жағдайдың көріністерін анықтауға септеседі. Осы жағдайлардың салдары жалпы кеңестік кезеңдегі өмір сипатына, ауыл шаруашылығы мәселелеріне, сонымен қатар ауылдағы күнделікті өмір жағдайларына әсер еткенін кейінгі оқиғалар мысалдарынан да көруге болады. Осындай күрделі уақытта адамдардың бір-біріне көмектесуі мен өзара серіктестігі, қазақтар арасындағы туыстық байланыстар арқылы көмек қолын созу мәселелерінің архив деректері беттерінде көрініс беруі мақалада берілген. Бұл мәселенің жергілікті тұрғындар үшін оң және теріс салдары да болған. Осы салдарлар тәркілеу науқанының кертартпа тұстарын туындатып, халық үшін жасалуы тиіс ауыл шаруашылығына байланысты реформаларды қарапайым халықтың өзіне қарсы іс-шараға айналдырып жіберген болатын.

Кілт сөздер: Орталық Қазақстан, тәркілеу, байлар, орта шаруалар, кедейлер, туыстық, билік, ықпал, ауызша дерек.

Kipicne

Мақаланы жазудағы авторлардың мақсаты Орталық Қазақстандағы тәркілеу науқаны барысында болған оқиғалар арқылы сол кездегі жергілікті биліктің басқарушылық рөлін, сонымен қатар мыңжылдықтардан бері келе жатқан дәстүрлері бар қоғамның осы оқиғаларға қарсылығы мен бейімделуін қарастыру.

Тақырыптың өзектілігі, сонымен қатар осы бағыттағы зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы қажеттілігі айқын. Мақалада қозғалған мәселелер арқылы тек кеңестік саясаттың теріс тұстарын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар дәстүрлі қоғам мен адами құндылықтардың кері бағытта өзгеруін байқауға болады. Мемлекет саясатының қарапайым халықтың күнделікті өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне және дәстүрлі ұстанымдарына әсері кез келген қоғамды және оның өзгерістерін қарастыру барысында маңызды. Бұл өзгерістер уақыт және кеңістік бойында қалыптасып, сақталады, олардың бірқатарының көрінісін бүгінгі қазақ қоғамы әлі де байқап келеді.

Зерттеу жұмысында біз назар аударатын және себепін ашуға тырысатын келесі негізгі мәселелер бар:

Билік мәселесі. Тәркілеуге арналған нұсқаулықта көрсетілгендей байлармен қатар бұрынғы уақытта хан, сұлтан, болыс немесе тағы басқа лауазымды қызметтер мен атақтарға ие болған адамдар тәркілеуге алғашқылар қатарында ілігуі тиіс еді. Бірақ, шындығында бұл қатарға орта шаруалар, тіпті кедейлер де қосылып кетті. Сонымен қатар, билікте болған адамдардың туыстары да тәркілеуге жататындардың бастапқы тізімінде болды.

Әлеуметтік-экономикалық мәселелер. Қазақтардың бай, дәулетті адамдары тәркілеуге дейін әлі де туыстарына немесе жақындарына, тіпті айналасындағы өзге де тұрмысы нашар адамдарға уақытша, маусымдық негізде сауын малы түрінде мал таратқан. Осы малды тарату дәулетті адамдар мен оны алған кедейлердің өздеріне кері әсер еткен болатын және тәркілеу талаптарын қатаң орындауға себепкер болып жатты. Сонымен қатар, туыстар мен бір отбасынан бөлініп шыққан ағайындылар шаруашылығын біріктіріп, мал санын артық көрсеткені үшін тәркілеу де жүрді.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: marat_19.93@inbox.ru

Кооперацияға бірігу механизмдері дұрыс жүйеленбей, оны құруға шынайы ірі көмек көрсеткендер дәулетті адамдар ретінде тәркіленіп, жер аударылды.

Туыстық мәселесі. Туыстар арасындағы байланыс тұрғындар үшін тиімсіз, зиянды үкімет нормативтерінен қорғануда зор рөл атқарды. Биліктегілердің өз туыстарын қолдауы жүрді. Ол әртүрлі формаларда көрініс берді және себептері де әртүрлі болып келді.

Материалдар және әдістері

Мақаланың методологиялық негізіне тарихилық және жүйелілік принципі алынып, уақыт бойындағы Орталық Қазақстан ауылдық аймақтары кеңістігіндегі өзгерістер біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Жалпы ғылыми әдістер арасынан индукция және дедукция таңдалды. 1920 жылдардағы кәмпескелеу кезіндегі мәселелерге Қарқаралы, Шет аудандары бойынша жеке мысалдар келтіру арқылы жалпыға ортақ жағдайларды индукция әдісімен анықтаймыз. Сонымен қатар, жалпы Орталық Қазақстанға ортақ үрдістерді дедукция әдісімен талдау арқылы Егіндібұлақ өңіріндегі шағын қазақ ауылдарындағы күнделікті өмірдегі индивид, жеке отбасылық, микроорта ерекшеліктеріне байланысты себеп-салдарларды айқындаймыз.

Мақалада микротарих тәсілін қолдану кеңестік кезеңдегі индустрияландыру, сәйкесінше жер реформасы, кәмпескелеу, тәркілеу секілді макроуақиғалардың қазақ ауылдарындағы күнделікті өмір жағдайларына және жүріс-тұрыс қағидаттарына әсерін анықтауға септігін тигізді. Бұлардың барлығы қазақтар көп орналасқан аудандардағы мәселелерге назар аудару арқылы жүргізілетін зерттеудегі әдіс-тәсілдер. Осылар арқылы билік тетігіне ие болған қазақтардың туыстық байланыстарды пайдалану жолдары, қарапайым халықтың сол замандағы жаңалықтардың теріс салдарына қарсылығы мен бейімделуі қарастырылады.

Мақала Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) қорларында анықталған архив құжаттары негізінде жазылған. Сонымен қатар құжаттардың негізгі бөлігі алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп, зерттеліп отырған кезеңдегі Орталық Қазақстандағы репрессиялық саясатты жүзеге асырудың аймақтық ерекшеліктерін ашады. Архив қорлары арасынан ҚР Орталық мемлекеттік архивінің 5-інші және 135-қорларынан, Қарағанды облыстық Мемлекеттік архивінің 1224-інші (халықтық бақылау) және 468-қорларынан (ауыл шаруашылық басқармасы) алынған материалдар мен деректер қолданылды.

ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі 5-қорда негізінен мемлекеттік және атқарушы органдардың нормативті және инструкциялық құжаттары жинақталған. Оларды оқу арқылы кәмпеске науқанының негізгі жүйесі қандай болуы керектігін, бұл науқанды билік өкілдерінің жоғарыдан қалай көргендігін байқауға болады. 135-қордан осы науқан барысындағы жергілікті билік өкілдерінің жоғары билік органдарына жазған қатынас хаттары, қарапайым халықтың арыз-шағым хаттарының шоғырын көруге болады. Бұл хаттар жергілікті жердегі науқанның жүргізілуінің шынайы бейнесін, сипатын көрсетіп, зерттеушілерге тарихи оқиғалардың барысын бақылауға мүмкіндік береді.

Қарағанды облыстық Мемлекеттік архивінің 1224-қорында бақылаушы орган ретіндегі Халықтық бақылау комитетіне тиесілі құжаттар жинақталған. Яғни, бақылау органының жұмыс құжаттары, арыз-шағым хаттар, тексеріс қорытындылары және т.б. берілген. Аталмыш архивтің 468-қорында ауыл шаруашылығы басқармасының құжаттары жинақталған, олар арқылы өңірдегі шаруашылық мәселелерінің жағдайын көруге болады. Мал саны, мезгілдің ауысуына байланысты шаруашылық жағдайы, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсері туралы ақпараттар берілген. Аталған қорлардағы құжаттардың көпшілігі зерттеушілер үшін құнды болып келеді және мақалада тиісінше қолданылған.

Сонымен қатар, мақаланы жазуда ауызша интервью материалдары қолданылды. Мақалаға дереккөз ретінде жиналған интервью материалдарын ғылыми мақсатта пайдалану, респондент ойын жинақы әрі түсінікті түрде жеткізу қажеттілігі негізгі ойды сақтай отырып респондент сөзіне стилистикалық өзгерістер енгізуді талап етті. Респонденттер жауабының мазмұны және олардың мақалада ғылым қажеттілігіне қолданылуы жеке адамдардың теріс жақтарын көрсетуге бағытталмаған. Негізінен респондент ретінде ауызша деректермен бөліскендер тәркілеу науқанын көзімен көріп, басынан кешкендердің ұрпақтары.

Нәтижелері

Жүргізілген тәркілеу науқаны («кәмпеске») Ф.И. Голощекиннің Қазақстанда іске асырмақшы болған «Кіші Қазан» төңкерісінің аса бір маңызды пункті ретінде болғанын ұмытпағанымыз жөн. «Кіші Қазанды» жүргізе отырып, ауыл, аудан кеңестерін бейресми басшылардан және оның жақтаушыларынан тазарту көзделді. 1928 ж. кедейлерге байлар мен кулактардан тартып алынған мал-мүліктің 60 % таратылатын болады деп уәде берілген еді. Сонымен қатар, өзге де мал-мүлік 1930 жж. басында колхоз бен совхоздың бөлінбейтін қорына беріледі делінген болатын [1; 65]. Кедейлер де осы істі жүзеге асыруға мүдделі және үкімет науқанын жүргізуге көмектеседі деп есептелді. Алайда бұрынғы дәстүр сарқыншақтары және жергілікті өңірлердің ерекшеліктері, сонымен қатар ұйымдастырудағы негізгі, жүйелі қателіктер қаулыны толыққанды жүзеге асырып, негізгі мақсатқа жетуге өзіндік кедергісін тигізді.

Отандық тарихнамада жүргізілген зерттеулер бойынша тәркілеудің еліміздің барлық аумағы бойынша толыққанды бейнесін анықтау қиынға соғып тұр. Тәркілеу науқаны бойынша еліміздегі белді тарихшы мамандар қатарынан С. Жакишева және оның еңбектерін атап өтуге болады. Ол еліміздің барлық аумағы және жекелеген өңірлер бойынша осы аталған мәселелерге тоқтала отырып, зерттеу қорытындыларын математикалық модельдеу, сандық әдістер және т.б. арқылы шебер жеткізе білген. Сонымен, жалпы сандық-статистикалық мәліметтерге жүгінсек тәркіленген шаруашылықтар 696 болған. Ал, Жакишева С. зерттеулеріне сүйенсек 1034-ке дейін жеткен [2; 84]. Осы сандық мәліметтер қарама-қайшылығынан бұл бағыттағы зерттеулердің әрі қарай жалғасуын талап етіп тұрғанын байқаймыз.

ҚР Орталық мемлекеттік архиві, сонымен қатар Қарағанды облыстық Мемлекеттік архивіндегі құжаттар негізінде алынған материалдардан Орталық Қазақстандағы тәркілеу науқанының нормативтік құжаттарға сай жүргізілмегенін байқауға болады. Өзге де өңірлерде осындай жағдай орын алғанын жоғарыда аталған тарихшылардың ізденістері де көрсетеді. Бастапқыда берілген нұсқаулардың жергілікті жерде орындалуы мемлекеттік және атқарушы органдарда жоспарланғаннан өзгеше жүрген. Нәтижесінде ауылдардағы әлеуметтік топтар арасындағы қарама-қайшылықтар ұлғайып, қақтығыстар көбейіп, үкімет жоспары бойынша жүргізіліп жатқан «тап күресі» қажетті, мөлшерлі деңгейден асып, ұшығып, асқынған формаларына дейін жеткен болатын.

Талқылау

Қазақстан аумағындағы, оның ішінде Орталық Қазақстан, Қарағанды облысындағы тәркілеу науқаны мәселелеріне үңілмес бұрын, алдымен осы науқанды жүзеге асыруда басты құжат болған нұсқаулыққа назар аударған жөн. Нұсқаулықта қарастырылған бірқатар мәселелердің жүзеге асырылуы жергілікті жерлерде әртүрлі жүргізілді. Нұсқаулық талаптары толық сақталмай қалуы орын алып жатты, нәтижесінде әділетсіз түрде жүзеге асырылған тәркілеу мен жер аудару орын алды. Осылайша науқанның барысы көпшілік халық үшін түсініксіз жағдайда өткенін көруге болады. Бұл уақытта кеңес үкіметі алғашқы күндерден қолға алған халықты жаппай сауаттандыру ісінің алғашқы нәтижелерін де байқауға болады. Үкімет органдарына толассыз хаттар жіберіліп, тәркілеуге байланысты жазбаша шағымдар көп көлемде орын алды. Бұл хаттардан бөлек ауызша түрдегі шағым-арыздар болғаны анық. Олардың көпшілігі қазір біздің назарымыздан тыс қалып отыр.

Нұсқаулықтың алғашқы баптарына назар салсақ, келесі нұсқауларды көреміз: «Тәркілеуге жатады: 1. А) көшпелі жерлерде 400-ден астам, жартылай көшпелі жерлерде 300-ден астам, отырықшы аудандарда 150-ден астам малы бар, айналасындағы тұрғындармен қарым-қатынасында оларды тегін жұмыс күші ретінде пайдалану мақсаты бар сипатына байланысты қоғамға қауіпті немесе ру ішіндегі артықшылықтарды пайдаланып, кеңестік ауылдың шаруашылық шараларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін байлар» [3].

Алайда, осы талаптың әрдайым толыққанды әрі әділ орындалмағанын халық арасынан түскен шағымдардан көре аламыз. Солардың бірі сол кездегі Қу ауданы тұрғыны Акаев Мағаттың хаты. Оның ойынша, егер жер аударуға басқа да жағдайлар негіз болса, онда оның өткеніне және сол шақтағы өміріне біраз тоқталу керек. Ол ешқашан маңызды тұлға болмаған екен, сонымен қатар ешқандай арнайы марапаты да болған емес. Әкесі, атасы, өзі қарапайым мал шаруашылығымен айналысқан. Тек, тәркілеуден 40 жылдай бұрын бірнеше ай болыс бастығы болыпты, бірақ сол кезден бастап өз үйінен шықпай, тіпті ауылынан 80-90 шақырым жерде орналасқан Қарқаралы уездік қаласына 40 жыл бойы бармаған. Бұрынғы әдет-ғұрып бойынша да ауыл ақсақалы болмаған екен

және патша кезіндегі ауылдағы қазақтар арасындағы ешқандай дау-дамайға, мәселелерге араласпаған, мұны халықтың барлық топтары растай алатын. Ата-бабасынан, яғни 100 жылдан астам уақыт бұрын бай болғанымен, бірақ бұл байлық бастапқыда қалай пайда болған? Әрине, бұл сауалдарға ешкім жауап бере алмайтыны анық, өйткені ол арғы аталардан атаға, сосын кейінгілерге жеткен.

Хат авторы айтуынша, ол әр уақытта отбасымен бірге жеке малын бағып, қызмет еткен, тек екі-ақ бақташысы болған, бірақ бұл оның шопандардың есебінен өмір сүргенін білдірмейді екен, өйткені... Біріншіден, ол тек малмен ғана күн көрген. Айналасындағы кедейлерді мүлде қанаған емес және ол үшін мұның қажеті де жоқ еді, керісінше, оларға өз малын пайдалану құқығын бақылаусыз берген. Мұны да бүкіл халық растаған екен. 62-бап бойынша малы тәркіленгенде оның жартысынан көбі толық ашық түрде халықтың пайдалануында болғандықтан, оның малы әр ауылдан жинап алынғандығы мысалымен хат авторының халықты қанамай, керісінше барынша айналасындағыларға көмек қолын созу үшін, мал бергендігі байқалады. Жыл сайын хат авторының отбасы 200 сауын биенің 35-ін, ал 60 сауын сиырдың 8-9-ын ғана сауған, ал қалған биелер мен сиырларды кедейлер мен жалпы мұқтаждар сауған екен. Тіпті, 1923, 1924 жылдары Семей губерниялық («Қазақ тілі») және Орынбор облыстық баспасөздерінде («Еңбекшіл қазақ») республикадағы байлар арасында жалғыз үлгі ретінде, яғни, малын мұқтаждарға тегін пайдалануға берді деген деген жазбалар да бар екен.

1925 жылы Қу болысы ұйымдастырылған кезде ол, ұйымға көмек ретінде 1000 рубль берген, 1926 жылы, «Қосшы одағының» ұйымдастыруына тағы да қаржы қосып, кедейлер үшін жарна берген екен [4; 56].

Тәркілеу бойынша нұсқаулықтың келесі пунктіне назар аударатын болсақ, тек байлық көлемі ғана емес, бұрынғы билікке қатынасы және әкесі текпен байланысы назарға алынатын болған: «Тәркілеуге жатады: 1. В) бұрынғы иеленген лауазымдары бойынша артықшылықтары бар топтарға жататын адамдар, мысалы: сұлтан мен хан ұрпақтары, патша үкіметінің арнайы наградалары, яғни жеке немесе мұрагерлік атақтары, медальдар және басқа да мінсіз қызметі үшін белгілер немесе арнайы куәліктері, белгілі бір артықшылықтар мен үстемдіктер беретін арнайы куәліктері, атақ-даңқ пен дәрежелері, белгілі бір артықшылықтар беретін сыйақылары бар азаматтар» [3].

Осы пунктке байланысты Қу ауданы тұрғыны Малгелдин Ғұбай хаты назар аударарлық екенін байқауға болады. Хат иесінің баяндауынша, өзі де, әкесінің де өткен өмірін ескерсек, бір ғана нәрсені айта кету керек, екеуі де «құрмет» көрмей, шен мен марапат алмаған, патшаның қол астында қызмет атқармаған; Кеңес өкіметі тұсында 1922 жылы халықтың тандауы бойынша Ғ. Малгелдин Сартау Орталық Комитеті төрағасының орынбасары болған. Ол бүкіл өмірін далада мал бағып, қара жұмыс істеп, әуелі әкесіне көмектесіп, 16 жастан бастап өз бетімен шаруашылық жүргізіп өткізген. Ешқашан ешкіммен бір іс бойынша тергеуге немесе сотқа бармаған. Айналасындағы кедейлерді қанау, құл ету деп аталатын нәрсе мүлде түсінігіне жат болып келген екен, өйткені өзі үнемі жұмыста болған, сол себепті орысша әріптерді де әрең үйренген екен, ал байлардың өзі қатарлас кейбір ұлдары орта және жоғары білім алған екен. Хат авторы секілді орта шаруа есебіндегі адамдарды көшіріп, малын тәркілеу әрекеті өте әділетсіз болып келген, себебі, жер аударылмаған үйлер: ірі байлар, сұлтан, би, бек, қазы, бұрынғы басқарушы, билер және т.б. ұрпақтары да көп болған екен. Олардың орнына орта шаруалар, тіпті кедейлер тәркілеу мен жер аударуға ұшырап, зардап шекті [5].

Аталмыш хатқа мазмұндас ақпараттар Қу ауданы тұрғыны Ақаев Мағаттың да хаттарында кездеседі. Хат авторының расында да, баяғыдан ықпалымен де, байлығымен де ең атақты саналатын Ақаев Хасен деген ағасы болған. Ол шынымен де бір кездері билікте болды және ерекше ықпалға ие болды, бірақ олар өзара араздыққа түскен екен және шамамен 50 жыл бойы олар бір-бірінен бөлек тұрған. Хат авторы Хасен Ақаевпен үнемі шиеленісіп, дұшпандық қарым-қатынаста болған және мұны жалпы көпшілік те растай алатын. Сонымен, Мағаттың тек қана Ақаев фамилиясын алып жүргендігі болмаса, Орталық Атқару Комитетінің 27 тамыздағы қаулысына сай емес, тәркілеуге ұшырап, қудалауға ілікпеуі тиіс еді. Тәркілеу кезінде Ақаев Мағаттың ірі қараға ауыстырылғанда 20 бастан сәл астам ірі қара малы болғанын ескере отырып, оның шаруашылығым мүлкі бойынша тәркілеу туралы қаулыға сәйкес келмеген, өйткені бұрын оған тиесілі қалған малдары сот үкімімен осы бап бойынша тәркіленген екен. Ал бір себеппен екі жазалау құқығына ие болу да қисынды және заңды түрде емес еді. Сондықтан, хат авторының сұрауынша оны Ақаев Хасенмен шатастырмау қажет және 72 жастағы қарияны 9 жаннан тұратын отбасымен Отанына қайтып келуге және малдарын: 13 бас ірі қара мен 10 қошқарды, сондай-ақ тұрмыстық заттар мен киім-кешектерден тұратын мүлікті тәркілеуді алып тастауы сұралған. Өтініштің нәтижесін Ақмола облысы Атбасар

ауданы № 3 ауылы әкімшілігі арқылы хабарлауы сұралған [4; 181-183]. Яғни олар тәркіленгендер қатарында Қу ауданынан Атбасар ауданына жер аударылған екен. Көрсетілген хат мазмұнынан байқайтынымыз тәркілеумен қатар жер аудару жүргізілген. Бұл жағдайларда тек бір жаза ғана емес, екі жаза түрі қолданылғаны да байқалады. Малдың ең төменгі күнкөріс шегі ескерілместен тәркілеуі де орын алып отырғаны көрінеді.

Жоғарыда аталған нұсқаулық пункттеріне назар аударсақ және хаттар мазмұнына үңілсек, тәркілеу барысында бірқатар әділетсіздіктер мен түсініспеушіліктер орын алғанын байқаймыз.

Нұсқаулық бойынша мал саны көшпелі жерлерде 400, жартылай көшпелі аумақта 300, отырықшы аудандарда 150-ден асуы тиіс. Бірақ, бұл талапта мал басының ірі қараға айналдырылған көлемі айтылып тұр. Қазақтардағы негізінен қолда ұсақ малдың ұсталуы тәркілеу барысында ескеріле қоймаған. Сонымен қатар, осыншама көлемдегі ұсақ малы бар адамдар көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда орта шаруа санатында болған. Осылайша олар да, тіпті кейбір жағдайда бай, дәулетті туыстарынан уақытша мал алып, тәркілеу уақытында мал саны артып отырған кедейлер де науқанның құрығына іліккен болатын.

Айналасындағы туыстарына, кедейлерге, мұқтаж адамдарға мал таратып отырған ауқатты адамдар немесе орта шаруалар адамдарды еңбек күші ретінде пайдаланып, кеңестік шаруашылық жүйесіне кедергі келтіретіндер болып есептелген. Дәстүрлі көшпелі қоғамдағы еңбекті ұйымдастыру, шаруашылықты жүргізу ерекшеліктері ескерілмей, кез келген мал беруші адам қанаушы, малды алған адам қаналушы немесе тіпті сол малдың иесі ретінде де тәркілеу мен жер аударуға ұшыраған. Туыстық қарым-қатынас нәтижесінде материалдық игіліктерді алмасу және дәстүрлі құқықтық қарым-қатынас мәселелері ескерілмегендіктен асыра сілтеу мен түсініспеушіліктер жиі орын алғаны байқалады.

Бұрынғы иеленген лауазымдары үшін науқанға іліккендер де кездескен. Олар аз ғана уақытта билікте болғаны, патшалық үкіметке қызмет етсе де, ел мүддесін ұмытпағаны және кейіннен кеңестік үкіметке қызмет еткені де ескерілмеген. Сонымен қатар, нұсқаулықта көрсетілгендей жер аудару мен тәркіленуге тиіс адамдардың туыстары да олардың өзара нақты қарым-қатынасына және материалдық жағдайына қарамастан науқан құрығына іліккен. Бірқатар жағдайда кедей, орта шаруа немесе билікте болмаған адамдар тәркілеу науқанына ілігіп, керісінше нұсқаулық талаптарында көрсетілгендей байлар, хан, сұлтандар мен ұзақ уақыт билікте болған, патша үкіметіне қызмет еткендер тәркілеу мен жер аударуға ұшырамаған.

Тәркілеу кезіндегі адамның тегіне байланысты қойылған сұрақтар, туыстық мәселелерін анықтау жаңғырығы тіпті 1940-50 жылдардағы қуғын-сүргін кезінде де сақталып, тергеушілер үшін күдіктіге қыспақ жасауға негізгі себептердің бірі болған. Ауызша интервью материалдарында 1947 ж. бір тергеу жайында айтылған мысал арқылы осы жайтты анық байқауға болады: «Алғашқы бетте тергеушілер әкейді тап жауы, бай-құлақтың тұқымы қылып шығаруға жанталасқан. 1947 жылдың 26-27 ақпан күндері кіші лейтенант Сарлыбаев тергеуді *«Какие обстоятельства послужили причиной вашего выезда из аула № 7 Баян-аульского района и когда вы выехали оттуда?»* деп бастайды.

Әкей *«Из аула № 7 Баян-аульского района Павлодарской области я выехал в 1932 году в связи с неурожаем и во избежании голодовки»* деп жауап береді. Бұл жерде әкей «неурожай» деген сөзді «ашаршылық» деп айтпау үшін тергеушінің талабымен қолданғанға ұқсайды.

Бұдан әрі тергеуші: *«Следствие располагает данными, что вы из аула № 7 Баян-Аульского района выехали в Сибкрай не в 1932 году, как вы показали выше, а в 1930 году»* деп әкейді тап жауы қылып шығарудың жолдарын іздей бастайды.

Әкей болса *«В действительности я выехал в голодный т.е. в годы неурожая»* деп бұрынғы жауабын береді.

Тергеуші *«Следствие располагает проверенными данными, что вы из аула № 7 Баян-аульского района Павлодарской области выехали в 1930 году в период коллективизации, не избежания голодовки, как вы указали выше, а во избежания репрессии. Дайте по этому вопросу признательное показание!»* деп тап жауы екенін мойындауды талап етеді.

Әкей: *«Я происхожу из бедняков, к тому же какого сословия были мои родители я не знаю, так как от отца я остался совсем маленьким мальчишкой, и никакой конфискации или репрессии я не избегал, а выехал из аула № 7 Баян-аульского района в 1932 году, в виду того что были неурожайности»*, – деп өзінің бірінші айтқанын қайталаумен болады.

Тергеуші қоймай әкейді тап жауы — бай-кулак қылмақ: *«Следствие располагает проверенными данными, что ваши родители, а также лично вы сами имели значительное байское хозяйство и во*

избежании конфискации в 1930 году совершили побег с Сибкрай, а не в 1933 году как вы указали выше. Следствие настаивает дать правдивое показание по данному вопросу».

Әкей болса «я еще утверждаю о том, что я происхожу из крестьян-бедняков, в отношении отца мне ничего не известно, так как в моем памятном возрасте его небыло в живых, и в 1930 году я нигде не выезжал и проживал в своем ауле» деп жауап береді. Тергеуші болса одан әрі «вы почему от следствия скрываете свое байское происхождение?» деп төпелеп сұрай береді. Кешкі сағат 21-00 да басталған тергеу осылай түн ортасына дейін жалғасып кете береді» [6]. Бұл тек қана ұрпақтары келтірген бір мысал ғана. Ал, 1937-1938 жылдары жаппай қуғын-сүргінде де, тіпті кеңестік үкіметтің кейінгі жылдарында да, «бай-кулақтардың ұрпақтары» деп көзге басылып айтылатын жағдайлар да жиі кездесетін.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша дәстүрлі қоғам ерекшеліктері, рулық байланыс пен туыстық қарым-қатынас жағдайының тәркілеу науқанына әсерінің болғаны байқалады. Бірқатар жағдайларда туыстар мен руластардың тәркілеу барысында бір-бірін бүркелемеуі, мал санағы мәліметтерін бұрмалап көрсетуі кездеседі.

Дәстүрлі қоғам сарқыншақтарының әсерін сол замандағы хаттардағы мысалдардан көре аламыз. Шет болысы тұрғыны хаты бойынша ауылдасы Ботпаев өзінің арыздарында үкімет органдарына 1 рубль 98 тиын салық салынған кедей екенін жазады. Бұл кеңестік ауылдық және болыс аппараты Ботпаевқа толығымен бағынып, оған тиесілі салық объектілерін жасырғандықтан ғана болуы мүмкін. Сондықтан 1928 жылы наурызда халық сотының үкімі бойынша жасырған заттары үшін Ботпаевтан 100 жылқы, 5 түйе, 7 сиыр, 100 бас қошқар тәркіленген екен. Осылайша ауылшаруашылық салығы есептелген 1 рубль 28 тиыннан асуы тиіс еді. Ботпаевтың осындай мәліметтерді көрсеткенде жергілікті билік өкілдерінің беретін ақпараты мен мінездемесіне сілтеме жасауына күмәнмен қарау қажет болған. Себебі, жергілікті билік өкілдерінің өзінің көпшілігі Ботпаевтың туыстары, бір бөлігі оның күйеу баласы Тұрсыновтың туыстары мен жақындары. Олардың барлығы билікке рулық байланыстар арқылы, пара беру мен мал үлестіру арқылы келген болатын [7]. Туыстық қарым-қатынастың асыра шектен тыс пайдаланылуы нұсқаулықтардың дұрыс орындалмауына әкеліп отыратын, бұл өз кезегінде қоғамдағы ішкі наразылықтың ұлғаюының себептерінің бірі болды. Қазақ қоғамы тек салт-дәстүр нормаларымен басқарылған уақытта туыстық қарым-қатынас қорғау мен реттеу механизміне ие болса, мемлекеттік құрылымның бюрократиялық атқарушы механизмдері араласқанда қолында билігі бар белгілі бір топ өкілдерінің мүддесі үшін жұмыс жасайтын қанаушы сипатқа ие болды.

Туыстық байланыс, сонымен қатар патша үкіметі заманынан қалған билікке пара беру арқылы келу мәселелері тәркілеу науқанында әлі де өз рөлін атқарғаны байқалады. Мысалы, Шет болысындағы К. Тұрсынов параның көмегімен, қайта сайлау комиссарларын сатып алып, ауылдық кеңестерге өзіне керек адамдарды әкелген. Ол судья Далмұхамедовке пара беру арқылы Тұрсыновқа қатысты бірнеше қылмыстық істерден құтылған. Қайта сайлау алдында ол өз кандидаттарына дауыс бергізу үшін тұрғындарға маусымдық пайдалануға 1150 басқа дейін мал берген екен [8; 18].

Келесі құжат мәтініне назар аударсақ, А. Бекқожин он жылға дауыс беру құқығынан айырылған соң, топтанып заңсыздық жасайтындар қатарына қосылған. Осылайша ауылдық кеңеске өз адамдарын орналастырып, соңғы қайта сайлауда болыстыққа түсіп, округ қызметкерлерін сатып алды, оларға мал беріп, меншік малының шынайы санын жасырып келді. 1926 жылдан бастап кедейлерге маусымдық пайдалану үшін мал тарату арқылы дауыс сатып алатын болыстық топтың құрамында болды [8; 184-185].

Осылайша, мал санын бұрмалап көрсету, осы арқылы тәркілеуден аман қалу, билікке туыстық байланыстар арқылы және пара берумен келу сол кездегі қоғамда кездесіп отырған жайт. Сонымен қатар, дәстүрлі қоғам заңдылықтарын пайдаланып, тұрғындарға сауын малы немесе көмек ретінде негізінен уақытша, маусымдық түрде мал беру арқылы биліктегі позицияларын нығайту бұрынғы салт-дәстүр мен үкімет талабының арасындағы мәселелердің қабаттаса келуін өз мүддесінде пайдалану қоғам ішінде түсініспеушіліктер, қарама-қайшылықтар мен кертартпалықтарға алып келді.

Ру және басқа да туыстық жүйеге байланысты жәрдем беру, өзара көмек, ықпалдастық қазақ халқының маңызды ерекшеліктерінің біреуі еді. Лауазымдық қызметтерге орналасу барысында туыстық-рулық қатынастың өзіндік орны мен ықпалы жергілікті жерлерде байқалып, белгілі бір ру «өз баласының» билік тетіктеріне ие, лауазымды тұлға болғанын қалайтын. Отандық тарихшы Сужиков пен неміс тарихшысы Симонның пікірінше, қандай да бір ру-тайпаға тиесілі екендігі туралы ой қазақтар ғана емес, жалпы Орта Азия халықтарында кеңестік уақыттың маңызды емес

ұстанымдарының қатарына қосылғанымен, ешқашан санадан жоғалған емес. Бірлік пен жақын туыстықты сезіну лауазымдық өсуге қарай орын алып, «байланыс», «қорғаушы» және «клиент» ұғымдарымен түсіндіріледі [9].

1920-1930 жылдары жүргізілген шаруашылық реформалары тәркілеу, ұжымдастыру және т.б. барысында ауыл шаруашылық ұжымдарына, колхозға, сонымен қатар әкімшілік бірліктерге біріктіру жергілікті жағдайды ескерілмей атқарылғанымен, көп жағдайда рулардың бұрынғы аумағына сәйкес түсіп жүргізіліп жатты, бұл дәстүрлі шаруашылық жүргізу формасын бұзғанымен, туыстық қарым-қатынасты күшейте түскен еді [10]. Колхоздардың көпшілігі 1960 жылдардың ортасына дейін ірілендірілді немесе совхоздарға біріктірілді. Бұл бір әкімшілік бірлік аумағында рулас, туыс адамдардың тұруына алып келді. Қазақтардың ертедегі туыстық институттары ғасырлардан өтіп, кеңестік кезеңде де өзін басқаша формаларда сақтай білді. Негізінен туыстық қатынастар бір-біріне жанашырлық пен көмек кезінде байқалып, мемлекеттік жүйеге ішкі қарсылықтың ұлттық өзіндік формасына айналды.

Әр ру (сәйкесінше туыстар) белгілі бір аумаққа ие болуына байланысты, аудандар мен шаруашылықтар шеңберінде ықпал ету аймақтары болды. Неғұрлым негізгі билік тетіктеріне ие болған рулар сол аймақтағы шешуші күшке ие болды. Рулық-туыстық қарым-қатынастардың ықпалы негізінен қазақтар басым, қазақ тілді аудандарда байқалды. Бірақ, орыс тілді аудандарда да туыстық болмаса да, достық, әріптестік, «көзкөргендерге» деген құрмет, жеке бас есебі және т.б. қарым-қатынас түрлері өзінің көрінісін байқатып отырды.

Кейін бұл сипаттағы жағдайлар тек жергілікті ауыл шаруашылығы деңгейінде ғана емес, басқа салаларда да, кеңестік одақтың басқа да аумақтарында да осы сипатта байқалып жатты. Мысалы, Қазақстан КП ОК, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі және Кәсіподағының 1961 ж. 31 қазандағы № 750 қаулысына сәйкес совхоздың қоғамдық тамақтануына, сонымен қатар қызметкерлері мен жұмыскерлеріне белгіленген шектеу көлемінде жоспарлы бағамен ет беруге рұқсат беріліп, сатылатын ет көлемі жергілікті жерде анықталған болатын [11]. Бұл мүмкіндік КСРО барлық аумағында 1991 ж. дейін пайдаланылып, етке арналған малды, құсты сою үшін жалған құжат жасау, пайдаланатын ет салмағын дұрыс көрсетпеу, жеке малы бар адамдардың да қоғамдық мал етін пайдалануы секілді және т.б. көптеген заңсыздықтарға жол берілді. 1969-1970 жж. тек Қазақ, Қырғыз, Тәжік КСР және Ставрополь өлкесінің совхоздары мен колхоздарында 170 мың бас мал есептен жасырылып қалған. Дағыстан АКСР-ның Горьков совхозы мен Киров колхозында шалғай жайылымдағы 2500 бас қой жалған актілермен жарамсыз деп көрсетіліп, жеке тұлғаларға заңсыз сатылған [12]. 1972 ж. Қарағанды облысы бойынша совхоздардан анықталған жетіспеушіліктер, ысырап пен жымқырудан келген жалпы 470 мың сом шығынның 418 мыңын, яғни жалпы 676 фактінің 89 % мемлекеттік шаруашылықтан заңсыз жолдармен тірідей және сойылған күйде етке мал алу құрады [13]. Мал санының жетіспеушілігі негізінен шаруашылық ішіндегі жымқыру мен ысырап салдарынан орын алатын.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының 1967 ж. мәліметі бойынша Жаңаарқа ауданының Дружба совхозында М. аға малшы 1965 ж. желтоқсанында басқа малшыға 1 бұзаулы сиырды, 1964 ж. қарашасында туысына 3 бас малды бере салған. 1967 ж. наурызында қайын атасына 1 совхоз сиырын беріп, басқа сиырды әкесіне тиесілі сиырға айырбастаған және оны 540 сомға сатып, ақшаны өзіне алып қалған [14].

Тәркілеу барысында міндетті түрде жеке шаруашылықтар бойынша есеп жүргізіліп, науқан жеке шаруашылық негізінде жүзеге асуы қажет болды. Яғни, тәркілеу әкімшілік бірлік немесе рулық бірлестік бойынша, бір әулет немесе туыстар тобының малын біріктіре санап отырып жүргізілмеуі тиіс еді. Әр отбасының шаруашылығы жеке бірлік болып есептелетін талап толығымен орындалмады. Көптеген жағдайларда жеке отбасының жеке шаруашылығындағы мал саны ескерілмей, туыстар мен әулеттердің мал саны біріктіріліп көрсетілді де, олар барлық мал-мүлкі тәркілеуге өздері жер аударуға ұшырады. Сонымен қатар, адам басына шаққандағы қолда қалуы тиіс мал санының көлемі де нақты сақталмады. Шаруашылықтардан мал басы толық тартып алынып отырды.

Аталған мәселелер келесі хаттар мазмұнында көрініс береді. Шет болысының (бұрынғы Мойынты) №1 ауылының қазағы Жүсіп Қыдырбаев 1904-1905 жылдары үлкен ұлы Серік Қадырбаевты 16 жасында үйлендіріп, оны дербес шаруашылыққа шығарып, оның үйін салық төлеушілер қатарына қосты. 1906-1907 жылдары Жүсіп Қадырбаев үйленген тағы бір ұлы Әмбие Жүсіповті бөліп алып, оны салық төлеушілер (шатыр иелері) қатарына қосады. Ал 1917-1918

жылдары үшінші ұлы Ақан Жүсіповті де үйлендіріп, осылай бөліп шығарады [15; 64]. Қазақтарда «қойнына қатын салдым, бауырыңа қазан орнаттым» деген даналы сөз бар. Бұл өз отбасын құрған адамның жеке отауы мен рудың аумағы мен аясында болса да, бөлек жеке меншік шаруашылығының болатындығын білдіреді. Бұл түрдегі шаруашылық жүргізу тәсілінің тереңіне үңілместен сол кездегі үкіметтік органдар жаңадан бөлінген шаруашылықтарды да, бұрынғы қожайыны есебінде әулет үлкені қарамағына жазып, нәтижесінде барлығын аша тұяғын қалдырмай тәркілеген болатын.

Осы сипаттағы тәркілеуге ұшырағандар негізінен кедейлер мен орта шаруалардың отбасылары еді. Олардың көпшілігі өздерінің шаруашылықтары туралы нақты мәліметтер негізінде жеке шаруашылықтарының бар екендігін көрсетіп, актілер арқылы тіркеген болатын. Осыған қарамастан, түсініксіз әрі заңсыз әрекеттер орын алуы кездесіп жатты. Мысалы, келесі хат мазмұнына назар аударсақ, алғашында К. Якупов шаруашылығына шынымен де ешкім тиіспеген. Бірақ 10 күннен кейін тәркілеу комиссарлары оны қандай да бір жолмен тәркілеу туралы қаулыға түсіргісі келіп, оған әкесінен 5 жылдан астам бөлек тұрған Кәрім Якуповтың және оның қайтыс болған ұлы Халит Якуповтың әйелі, 1919 жылдан бері тұрып жатқан Рахима Халитованың үй-жайы мен шаруашылығын қосты. Сөйтіп, мал саны көрсеткіші 150-ге жуықтаған, содан кейін малды тартып алып, оларды Қостанай ауданына жіберген. Үш шаруа қожалығының біріктіріліп көрсетілуі және тәркіленуі заңсыз әрі озбыр түрде жүзеге асқан. Заңды түрде бөлінген акт ұсынылғанымен, бірақ комиссарлар оны қайда жібергені түсініксіз қалған. Өздерінің мүлде бөлек шаруашылық екенін дәлелдеу үшін 1928 жылы наурызда науқан кезінде 62-бап бойынша жауапқа тартылғанын, бірақ шаруашылықтарының бір-бірінен заңды түрде де, іс жүзінде де мүлдем бөлек екендігінің дұрыстығын халық соты анықтағанын келтіргенімен, бұл оларға көмектеспеген.

Якуптың үлкен ұлы Халит 8 жастан 19 жасқа дейін оқыған. Осы жасынан (1918 ж.), бөлек еңбек еткен. Семейде және басқа елдімекендерде осы уақытқа дейін ауылшаруашылық салығы төленетін жеке шаруашылығы және отбасы болған. 1928 жылға дейін жұмыс істеген Халит Қарқаралыға ауырғандықтан келіп, осылайша көп жылғы еңбектің нәтижесінде шілде айында туберкулезден қайтыс болған. Оның жұбайы Рахилия (жесір) қайтыс болған күннен бастап жеке шаруашылығын жүргізген және Якуп Тукушевтің шаруашылығына ешқандай қатысы болмаған.

Бұл фактілердің барлығын халық соты анықтап, шаруашылықтарды бөлек деп танығанымен барлығын бір-бірімен қосып тастаған. Бірақ, бәрібір үш шаруашылықты қосып көрсетсе де, Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы қаулысында көрсетілген норманың жартысы, яғни жартылай көшпелі халық үшін 300 бас ірі малға жекелей келгенде ие болған емес. Көшіру мен тәркілеудің мүлде басқа себептері жоқ және сәйкес дәлелдеудің қажеті жоқ еді, өйткені аталған ағайындылардың арасында ешкім халықты қанаушы немесе құл еткен емес немесе жоғары құрметке немесе қандай да бір лауазымға ие болған емес еді. Ал, керісінше қаулыда көрсетілгендей қарапайым халықты қанаушы және ақсүйек тектің өкілдері мен бай, хан, сұлтан ұрпақтары тәркілеуден аман қалған екен [4].

Нұсқаулықтың 1-тармағы бойынша көшірілген адамдардың малдарын тәркілеу кезінде еңбек шаруашылығын жүргізу үшін қажетті сома келесі нормативтер бойынша олардың меншігінде қалдырылуы тиіс болған: көшпелі аудандарда әр адамға шаққанда 5 бас, бірақ әр шаруа қожалығына 25 бастан көп емес мал; жартылай көшпелі аудандарда бір адамға шаққанда 3 бас, бірақ бір үй шаруашылығында 16 бастан көп емес; ал отырықшыда бір адамға 2 мал, бірақ бір үй шаруашылығына 11 бастан артық емес. Ұсталған малдың құны орташа болуы керек.

25-ші пункт бойынша тәркіленген малдың көп бөлігі (60-70 %) ауданның байырғы тұрғындарынан кедей шаруашылықтарға оларды нығайту мақсатында таратылуы тиіс еді. Малсыз шаруа қожалықтарына мынадай норма берілген екен: бір адамға 1 бас ірі қара мал, бірақ отырықшы аймақтарда бір шаруашылыққа 5 бастан артық емес; Бір адамға 2 бас, ал жартылай көшпелі аймақтарда бір шаруашылыққа 8 бастан, ал бір адамға 3 бастан, бірақ көшпелі аймақтарда 12 бастан артық емес. Отырықшы аудандарда 5 бастан, жартылай көшпелі жерлерде 8, көшпелі жерлерде 12 бастан кем малы бар шаруашылықтарға мал басы көрсетілген көлемге жеткенге дейін беріледі [3].

Шет болысы, № 8 ауыл тұрғыны шағымы бойынша ол дәулетті адамдар санатына жатпайды және оның қолындағы малды нормадан артық тәркілеген екен. Хат авторының дәлелдеуінше ол орта шаруа ретінде тәркілеуге, жер аударуға жатпайды, оны тәркіленген мал санынан көруге болатын, бар болғаны 18 бас. Біздің облыстың табиғи-тарихи ерекшеліктері мен шаруашылықтың меншік түрі бойынша егін шаруашылығына қолайлы жерлері жоқ, атмосфералық жауын-шашынның, суаруға арналары мен өзендерінің жоқтығын, жайылымға шалғынды жерлері жоқ өңір ретінде қарабайыр

көшпелі аймаққа жататынын сол кездегі басшылық білетін және ескеруі тиіс еді. Сондықтан кооперация кезінде шаруашылықта қалдырылған еңбек нормасы бір адамға 5 бастан есептелуі керек болатын. Сонда 5 жаннан тұратын шаруашылықтың бар болғаны 8 бас малы тәркіленуі тиіс еді, ал тәркілеу кезінде жан басына 3 бастан ғана мал есептей отырып, 15 бас мал ғана қалдырылған екен [15; 284-292]. Дәулеті төмен немесе орташа адамдарды бай санатында есептеп кәмпескелеу жиі кездесетін, бұл жағдайлар көбінесе еш ескертусіз орындалып, тіпті қарапайым халық үшін ештеңе түсіндірілмей қалып жататын.

Нұсқаулықтың 27-ші пунктіне сәйкес тәркіленген малдың қалған бөлігі (30-40 %) жергілікті халықтан құралған колхоздарға және кеңшарларға беріліп, 28-ші пунктіне сәйкес тәркіленген бағалы асыл тұқымды мал кеңестік шаруашылықтарда пайдаланылу үшін жер органдарына берілуі тиіс еді [3].

Қарқаралы ауданының келесі бір тұрғыны өз хатында нұсқаулықтың жоғарыда аталған пункттердің толыққанды әрі заңды орындалмағанын атап көрсетеді. Шағым авторының орынды ойы бойынша тәркілеу туралы заңның мәні орта шаруаның мал шаруашылығын құрту емес, оларды жазықсыз жазалау емес, революциялық әрекет арқылы жұмыс істемейтін элементтерді, бірнеше жүз малы бар шаруашылықтарды, олардың кедейлердің күшін пайдаланатын қожалықтарын кедейлердің өркендеуіне пайдалану. Ал, бірқатар осындай санатқа жатпайтындар, тәркіленіп туған жерінен жер аударылған [15]. «Тап күресіне» негізделген ұстанымдар арқылы жүргізілген тәркілеу мен кәмпескелеу науқаны тек таптар күресін емес, қоғам ішіндегі барлық топтардың арасындағы қарама-қайшылықты күшейтіп, бей-берекетсіздікті туындатты. Бұл жағдайларда қоғам ішіндегі түсініспеушілік бастапқыдағы түсіндіру жұмыстарының жүргізілмеуі мен осы нормаларды қабылдаудағы жергілікті жердің ішкі ерекшеліктерін ескермуден туындады.

Нұсқаулықтың 4-ші пункті бойынша егер жер аударылған адамдардың екі немесе одан да көп киіз үйі болса, олар үшін «қоңыр үй» сақталады, ал қалғандары тәркіленуге жатады, ал 4 қанатты ас үй мен қос тәркіленуге жатпайды. Сол сияқты, пайдаланылмаған асыл кілемдерді, алтын және күміс құймаларды, алтын және күміс ыдыстар мен киіздерді қоспағанда, барлық азық-түлік өнімдері, сондай-ақ тұрмыстық заттар (зығыр, көйлек, жиһаз, тұрмыстық ыдыс-аяқ, текемет, сырмақ, қолданыста жүрген кілемдер) тәркіленуге жатпайды [3]. Осыған қарамастан тәркілеу кезінде дүние-мүлік те толығымен тәркіленгенін байқаймыз. Бұл жайлы ауызша деректер мен естеліктерден байқауға болады: «Сөйтіп жүргенде кәмпескелеу деген науқан басталды. Ел арасында үрейлі бір дүрбелең туып, алдарында не күтіп тұрғанынан бейхабар жандар не пәлеге кез болғандарын түсіне алмай, дал болды. Көп кешікпей біздің де тыныштығымызды бұзып, менің бай қайын ағамды кәмпескелеп, үй-ішімен бір жаққа алып кетті. Жақын-жуық адамдар, бәріміз «не жазығы бар еді, жарлы-жақыбайларға, жоқ-жітіктерге рақымы мол еді ғой, қай қылығына бола айдалып барады?» деп түсіне алмай жылап-еңіреп қалдық. Қоштасарда абысыным қолыма бір түйіншекті ұстатып, «аманат» деп сыбыр ете қалды. Мен жендеттерге білдірмей, дереу тыға қойдым. Үйге әкеліп қарасам, алтын-күміс әшекейлері екен. «Осындай қиындықта пайдасы тимеген дүниенің енді пайдасы қашан тиер екен?» деп ойладым. Өйтсе де «аманат, аманатқа жасама қиянат» деген ғой, ғұмырым болса, кейін қайтаруым қажет екенін жете түсініп тұрмын. «Аманаттың жолы ауыр болады» деп апамның біреумен әңгімелесіп отырып айтқан сөзі де есіме түсе кетті. Мен «Құдай қаласа, аманатыңды қайтарармын әлі» деп абысыныма іштей уәде бердім» [16]. Бұл қазіргі Қарқаралы ауданы аумағында болған жағдайлардан мысал екенін атап өтуіміз қажет.

Аталған жағдайға ұқсас көріністерді басқа да ауызша деректерден көре аламыз. Малдан бөлек баспана ретіндегі киіз үй, қымбат бағалы әшекей бұйымдар да тоналғаны жиі кездесетін жағдайға айналған болатын. Тәркілеу заңды акт емес, тонау сипатында болғанын да келесі көрсетілген ақпараттардан байқауға болады: «Ауылға келген бір топ атты белсенділер құйғытқан бетте Күмісбектің үйіне келіп, сойылмен, дырау қамшымен үйдің сыртынан сабап өткен. «Жаудың қатыны, қасқырдың күшігін асырап отырсың», – деп, жалаң қабат көйлектің сыртынан қамшымен осып жіберген адамға қараса, Қарабұлақтағы Селеу екен. «Туысқандық қаны жоқ болғаны ма?» деп ойлағанша болған жоқ, үйге кірген есалаң топ үйдің ішінің астан-кестенін шығарды. Кешегі Күмісбектің қолына су құюға жарамайтын өңкей есіріктің ақтармаған мүлкі, қопармаған дүниесі жоқ, жау шапқандай қылды. Оттағы шәйнекке дейін төңкерілді. Аймағанбет пен Тәжібай іске алардың бәрін сыртқа тасып шығаруда. Үйді жығайын деп жатқан екеуді Селеу тоқтатты: «Ішіндегісін сыртқа шығарайық» деп.

Үй-ішін тиеп болғаннан кейін, Селеудің көзі Қадишаның қолындағы алтын білезік пен алтын сақинаға түсіп, арбалғандай күй кешті. Қадиша ұзатыларда үлкен әжесі білезігін салып, өз анасы сақинасын беріп: «Көзіміздей көріп жүр, айналайын» деп еді.

– Шеш, кәне! – деді Селеу қатуланып.

– Неге берем, ол шешемнің көзі — деген Қадишаның жыламсыраған сөзіне қарамай, Селеу әйелдің қолындағыларын күшпен тартып алып қалтасына сүңгітті. Кәмпескелеушілер үйді жығып әуре болмады, түнілік, үзік баулар, белдеу жіптер қолма қол қиылып, әлдеқайдан тауып әкелінген арбаға тиелді. Қадишаның ұзатылып келгендегі жасауы қалы кілем, оюлы сырмақ, алаша, Күмісекеңнің күзен ішігі бәрі-бәрі арбаға тиелді.

Селеу ашуы шарасынан төгіліп тұрған келіншектің не нәрсеге де болса бара алатын қабілетін бұрын да байқаған. Шарасы таусылған Селеу жалаң қабат көйлектің сыртынан қамшымен осып жіберді. Жанына қанша қатты батқанымен, тістеніп алған Қадиша окты көзімен бір қарады да дыбысын шығармады. Одан кейін қамшы жұмсауға Селеудің дәті бармады. Ауданға барғаннан кейін, омырау еметін екі баласы барлығы ескеріліп, Қадиша ауылына қайтарылды...» [17]. Тәркілеудің заңсыз акт түріндегі осындай нұсқалары халық алдында жаңа үкіметтің беделін түсіріп, ел арасындағы ашу-ыза мен араздықты туындатып жіберген еді.

Тәркілеу алдында және оның барысында көптеген жалған ақпараттардың кең далада қаулап тарағанын да көруге болады. Бұл ақпараттар тәркілеуді дұрыс жүргізуге кедергі болды. Сонымен қатар, ел арасында таралған түрлі қауесеттер тәркілеуге жергілікті тұрғындардың қатынасын өзгертіп, ел ішінде бей-берекетсіздік тудырды. Мысалы, Шет болысы, № 14 қазақ ауылы тұрғыны Нұрмағамбет Нұржағожин аудандық атқару комитетінің өкілі Яхшин келмей тұрып, малды тәркілеу кезінде барлық байлар атылады деген жалған хабар таратады. Осы жалған қауесеттердің кесірінен халық қатты үрейленді; қорқыныш парасаттылықтан басым болды, өйткені алыс болыстың халқы, шын мәнінде, билік органдарымен мүлдем таныс емес еді. Олар сусыз, шөлейт далада әрқашан да биліктен жасырынып қалуға болатынына сенімді еді [8; 302-304]. Осылайша, қашқан халықтар ел ішіндегі ретсіздік пен тәртіптің нашарлауына әсер етті.

Осындай қауесеттер мен жалған ақпараттар шынайы мәліметтерге араласып, онсыз да кеңестік үкіметпен толық таныс емес халықтың үрейін ұшырды. Тәркіленудегі әділетсіздіктер мен ретсіздіктер осындай жағдайлардан туындап жатты. Бұл туралы естеліктерден бір мысал келтірсек: «Бірер күннен соң, «ойбай, Күлшім! НКВД-ның жендеттері байларымызды айдап бара жатыр! Неғып отырсың!?» деп аптығып, үйге көрші келіншек кіріп келді. Сөйтсек, оларды бізбен де қоштастырмастан Семейге айдап бара жатқан беті екен. Малдың қамымен далада шөп шауып жүрген жерлерінен ұстаған ғой, бұлардың барлығы да орта шаруалар болатын.

Асыраушыларын көз алдарында айдап әкеткен соң артында «енді күнімізді қалай көреміз, отағаларымыздың ендігі күні не болады?» деп жылап-еңіреп бала-шағасы қалды. Ол ол ма, малымызды да алып жатты. «Бұлар енді қалай күндерін көреді?» деп бас қатырып жатқан ешбір басшы болмады. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасынның» заманы басталып, көзге түскен малдың бәрін «орталыққа» деп алып жатты. Күн өткен сайын елді аштық жайлай бастады.

Мен бір ешкіні сойып, етін мейіздей қылып қақтап пісірдім де, қолымдағы он үш жасар Ырысбайды кірешілерге қосып, Семейдің абақтысында жатқан әкесіне жібердім. Күйеуім түрмедегілердің айтуы бойынша «аштық келе жатқанын» ескертіп, «Күлшім жалғыз өзі аштан өліп қалады, сен елге барып, оны да осы жерге алып кел. Қалада жұмыс істеп күндерінді көруге болады» деп кеңес беріпті» [16]. Соңғы айтылған ақпараттардан байқайтынымыз қалаларда болған немесе көзі ашық азаматтар, сол кездегі алда келе жатқан аштық жайлы хабардар болғаны байқалады. Республиканың өзге өңірлерінде болған аштық жайлы ақпараттар ірі қалаларға жетіп, бұл жайлы қалаларда болғандар білуі мүмкін. Сонымен қатар, бірқатар қалаларда болған адамдар үкіметтің қаулыларымен таныс болып, атқарылатын іс-шаралардың ауыр салдарын алдын-ала байқаған болуы керек.

Жергілікті жерлерде көптеген әділетсіздіктер арасынан заңның әділетті тұстарына сай және билік өкілдерінің халық қамын ойлайтындарының көзқарасымен тәркілеудің ауыр салдары жұмсартылған жағдайлар да кездескен. Бұл жайлы Шет болысы тұрғындарының бірінің хатында көрсетілген. Хат авторының айтуынша, ол өзі 85 жастағы қария Ақбұзау Жанин, өмір бойы қой бағып, абыроймен мал баққан. Сексен жылдық шопандық қызметі 1928 жылдың қыркүйек айында ғана аяқталған. Осыншама ұзақ ғұмырында бригадир (онбасы) да болмаған, ешкімді қанамаған, бақташылары, өз адамдарымы секілді, үнемі өздерімен бірге азықтанып, шын мәнінде отбасы

мүшелері сияқты болған еді. 1924 жылдың күзіне дейін ол отбасымен жыл бойы көшпелі өмір сүріп, киіз үйде тұратындықтан, нақты қыстауы, күзгі қонысы да болған емес. Қыстайтын жер мен жайылым алғысы келген тілегі тілек болып қала берген, өйткені Балқаш белдеуін беделді рулар алып жатқан болатын, Шет болысының (бұрынғы Мойынты болысының) орталық нүктелерінде де беделді рулар тұрған. Тек 1924 жылдың күзінде ғана қыстақ сала алған екен. Көп жерлерде қариялар мен әйелдерді көшіруден босатып жіберген екен (Кент, Шет болыстарында, т.б.). Бұл жергілікті билік өкілдерінің шешімі болып, кейбір жағдайда тек отбасының ерлерін ғана алып кетіпті [8; 302-304]. Ер адамдарды ғана алып кету кеңестік үкіметтің индустрияландыруды жүзеге асыруға бағытталған арзан жұмыс күштерін қалыптастырудың алғашқы әрекеттерінің бірі болды. Бұл жағдайларда оларды алғашқы өндіріс орындарына жұмылдыру бағытталды, бірақ бұл әрекет өзінің толыққанды нәтижесін бермеді.

Тәркілеу жағдайында алыс аймақтарда тұратын тұрғындар жан сақтау үшін дала малының ыңғайын байқап, қажетті кезде оларды да пайдаланып отырған. Естеліктерде бұл жайлы келесі жолдарды байқауымызға болады: «Сол жылы малдың бәрін кәмпескелеп алып кетті. Әйтсе де жылқы малы даланикі ғой. Жазғытұрым даладан келген малдың ішінен менің екі бием қолыма тиді. «Бір бие — бұлақтың басы, екі бие — елдің асы» дегендей, екеуін сауып, өзімді де, елді де қымызға қарық қылып отырғанда бір белсенді келді. «Жыланды үш кессең де, бір кесірткелік әлі болады деуші еді. Мынаның әлі екі биесі бар екен ғой» деп желіні қиып, құлындарды босатып, менің қарсыласқанымға қарамай қос биемді алып кетті.

Далада ауа жайлап жүретін бір кәрі түйеміз болатын, жарықтық аруана аңсары ауғанда үйге соғушы еді. Қысқа қарай келіп тұр, «Құдайдың өзі бұйыртып тұр екен ғой, қыстай күнімді қалай көремін деп уайымдап едім» деп сойып алдым. Біраз етін жазға деп қақтап қойдым да, қалғанын қорек қылып, ашыққандарға да қарайласып, қыстан аман-есен шықтым. Елдің бәрі аштан өлмеудің қамын ойлауға кірісті, тығырықтан шығудың жалғыз жолы — күн көріс кәсібін іздеп, Семей қаласына кету деген шешімді қолдап қояды» [16]. Нағыз «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» кері осындай болғаны байқалады.

Бір ғана малдың өзі бір отбасына тіпті елге құт болып, сонымен қатар бір жылқының тұтас әулеттің аман қалуына дейін әсер еткен жағдайлары да, тәркілеу секілді қиын кезеңдегі өмір айшықтарын қоюландырып, шиыршықтата түседі. Осындай таңғажайып деуге келетін оқиғалардың бірі туралы ауызша мәліметтердің бірінде келесідегідей келтірілген: «Атамның бізге айтқан тағы бір естелігі, елімізде жүргізілген кәмпескелеу жылдарындағы оқиға туралы еді. Оның Талғарда тұрған Сәду деген жездесі ауқатты болыпты. Ол сауда-саттықпен айналысқан кісі екен. Осы кәсібінің арқасында кезінде Иранға дейін барыпты. Міне, атамның сол жездесі кәмпескелеу кезінде мал-мүлкінен айрылып, қуғынға ұшырайды. Ол қашып, біздің елге жетіп, Қызыларай тауларына келіп тығылған екен. Қуғын-сүргіннің аяғы басылған кезде, еліне қайтпақ болған. Бірақ Желтаудан Талғарға жету өте қауіпті болған, өйткені жол бойында қуғыншылар әлі де болса жүретін еді. Оның үстіне жаяу-жалқы жүру қиын әрі қорқынышты екенін жақсы білетін ол, бір құтқарса Медетбек құтқарады деп, атама келіпті. Бірде түн ортасы ауа киіз үйдің сыртынан біреу келіп атамды оятады. Сыртқа шығып қараса, жездесі Сәду екен. Біраз қашып жүрдім деп өзінің жағдайын түсіндіреді. Ендігі мақсаты Талғарға, еліне қайту. Атамның торы төбел деген бәйге аты болған. Ол ат туралы жездесі де біледі екен. «Мені еліме жеткізсе, сенің осы торы төбел атың жеткізеді, қуғыншылардан құтқарады», – деп, атама қолқа салады. «Ойбай-ау, түгел әулетті асырап отырған атты қалай беремін, бере алмаймын», – дейді атам. Артымда аңдушылар жүреді деп, қауіптенген жездесі үйге кірмейді. Атам болса үйге кіріп кетеді. Бірақ не ұйықтай алмайды, жездесіне де жаны ашиды, атын да қимайды. Ұйқысы қашқан атам біраздан соң сыртқа шықса, жездесі әлі үйдің сыртында тығылып отыр екен. Атам ойлана келе, атын жездесіне береді. Атамның атын алған жездесі Балқаш көлін айналып, қаншама қуғын-сүргіннен өтіп, өзінің Талғар тауына аман-есен жетеді. Ұжымдастыру науқаны жеделдетіліп, ел біршама тыныштала бастаған кезде олбаяғы өзінің сауда-саттық кәсібіне кірісіп, қайрадан жағдайын көтеріп, ауқаттанып алады. Осылайша атам Медетбек жездесін қуғын-сүргіннен құтылуына өзінің септігін тигізген екен. Ал Сәду жездесінің қызы Зейнеп тәтемізден тараған ұрпақтар бүгінгі күні Талғарда тұрып жатыр» [18]. Бұл оқиға қиын уақыттағы адамдар серіктестігі, өзара көмек пен туыстық байланыстардың беріктігінің, адамгершілік қасиеттердің жоғарғы деңгейін тағы бір байқатады. Жалпыадамзаттық адами-моральдық құндылықтар қоғамның берік тірегі ретінде осындай қиын жағдайларда да, қарапайым халықтың соңғы үмітінің қолдаушысы болды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, тәркілеу кезеңінде жергілікті билік мәселесіне дәстүрлі көшпелі қоғамнан сақталып қалған заңдылықтар өз әсерін тигізгенін байқауымызға болады. Руластар мен туыстардың өзара көмектесуі, қорғаштауы мен бүркемелеуі жиі орын алған. Сонымен қатар, патшалық үкімет кезңінен қалған пара беру мен әртүрлі заңсыз өрескел жолдарды пайдалану тәркілеу уақытында да кездескенін көруге болады. Көптеген заңсыздықтар, қателіктер мен түсініспеушіліктер тәркілеу бойынша нұсқаулықтың көрсетілген себептерге байланысты толыққанды әрі заңды түрде орындалмауынан шыққан болатын. Аталған мәселелерден бөлек, байлардың туыстарын да орта шаруа болғанына қарамастан аша тұяқ қалдырмай тәркілеуі де орын алған. Нұсқаулықтың орындалуы дәстүр мен нормативті акт орындау арасындағы қарама-қайшылықтардан туындап, салдары қарапайым халық үшін ауыр болып келді. Осылайша халық мүддесі үшін жасалуы тиіс тәркілеу науқаны халықтың өзіне қарсы қолданылды. Ауыл шаруашылығы ұжымы ретінде біріктірілген кеңестік кезеңдегі бірлестік формаларында туыстық байланыс, сонымен қатар өзге де заңсыздықтар негізіндегі үкімет қаулысын орындаудағы өрескел қателіктер осы тәркілеу науқанының басталып, кейіннен кеңестік кезеңнің өн бойында әртүрлі формаларда кездесіп отырды. Жалпы кеңестік шаруашылық жүйесі осы жергілікті ерекшеліктер мен дәстүрлі қоғам сарқыншақтарының сақталуын ескере қоймауы әртүрлі теріс салдарларға алып келіп отырды.

Орталық Қазақстандағы Қарқаралы (бұрынғы Егіндібұлақ ауданы, қазіргі Ақтоғай ауданының кейбір аумақтарын қоса алғанда), Шет ауданы секілді қазақтар көп орналасқан аудандардағы тәркілеу науқаны дәстүрлі қоғам ерекшеліктеріне орай жергілікті сипаттарға ие болды. Сонымен қатар, бұл аумақтардағы мал саны азайып, тәркілеуге, кедейшілікке ұшыраған топтар үкімет қаулысы бойынша жер аударудан бөлек, өз еріктерімен еліміздің, тіпті жақын шетелдің аймақтарына көшуіне мәжбүр болды. Сарыарқа өңірінің табиғи-климаттық жағдайлары да науқан барысына өзіндік әсерін тигізіп отырды. Орталық Қазақстаннан шыққан қазақтардың қаулы арқылы немесе өз еркімен қоныс аударуы барысында Ақмола, Атбасар секілді өңірлерге көбірек шоғырланғаны байқалады. Егер қалалық елді мекендерді іздегендері болса, олар Семей қаласына (бұл кезде Балқаш, Қарағанды қалалары ірі қалалық орталықтар ретінде енді қалыптасып келе жатты) баруға ұмтылатын. Дегенмен, қазақтар мыңжылдықтардан бері қалыптасқан өмір салтын ұстанудан бас тартқысы келмеді, кез-келген мүмкіндікте мал шаруашылығын жүргізуді қолға алғысы келіп тұратын.

Мақала Қазақстан Республикасы ҒЖБМ Ғылым комитетінің «АР23486898 — 1920-1930 жылдардағы Қарағанды облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін» гранттық жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жакишева С.А. Первичный этап дебаизации в Казахстане: причины и условия / С.А. Жакишева, В.В. Хан // Ұлт жады. — 2022. — № 1 (1). — С. 54–75.
- 2 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т. 31. Конфискация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20–30-х гг. XX в.: монография / Автор: С.А. Жакишева; под общ. ред. Е.Т. Карина. — Астана, 2022. — 176 с.
- 3 Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві (әрі қарай — ҚР ОМА). — 5-қ. — 20-т. — 76-іс. — 302–308 п.
- 4 ҚР ОМА. — 135-қ. — 1-т. — 61-іс. — 56-п., 181–183-п.
- 5 ҚР ОМА. — 135-қ. — 1-т. — 560-іс. — 46-п.
- 6 Ақпарат беруші Ж.О. Артыкбаев, т.ғ.д., профессор.
- 7 Нәсенов Б. Кәмпескеленгендер. Т. 24 = XXIV бөлім — XXX кітап. Алматы. Республика архиві сөйлейді = Говорит Госархив республики. — Алматы-Новосибирск, 2012. — 391 б.
- 8 ҚР ОМА. — 135-қ. — 1-т. — 810-п. — 18-п., 184–185-п., 302–304-п.
- 9 Очерки по историографии и методологии истории Казахстана: монография / под ред. К.Н. Бурханова. — Алматы: Искандер, 2007. — 328 с.
- 10 Абылхожин Ж.Б. Постсталинский период в истории Советского Казахстана: череда обреченных реформ и несостоявшихся деклараций (1953–1991 гг.) / Ж.Б. Абылхожин. — Алматы: КБТУ, 2019. — 468 с.
- 11 Қарағанды облыстық Мемлекеттік архиві (әрі қарай — ҚОМА). — 18-қ. — 1-т. — 3540-іс. — 4-п.

- 12 ҚОМА. — 1224-қ. — 1-т. — 367-іс. — 12-п.
- 13 ҚОМА. — 1224-қ. — 1-т. — 907-іс. — 26-п.
- 14 ҚОМА. — 468-қ. — 5-т. — 2890-іс. — 160-п.
- 15 ҚР ОМА. — 135-қ. — 1-т. — 422-іс. — 64-п., 289-292-пп.
- 16 Мақсурина Б. Туған жылы: 07.11.1938; Интервью алынған орын және уақыты: Қарқаралы ауданы, 2021 ж.
- 17 Кәрбанова Н.Т. Туған жері: Шет ауданы; Интервью алынған орыны және уақыт: Алматы қ., 2005.
- 18 Медетбеков Қалқабай, ауызша интервью алған Г.М. Смагулова.

Д.А. Джумабеков, М.Ы. Ыбырайхан, Ә.Б. Жағыпар

Конфискационная кампания в Центральном Казахстане конца 1920-х годов: влияние роли местной власти и специфики традиционного общества

В данной статье рассматриваются особенности и последствия конфискационной кампании проведенной в Центральном Казахстане в конце 1920-х гг., а также изменения, связанные с местной ситуацией, влияние родственных связей на процесс конфискации. Данные проблемы выявленные с помощью архивных данных, подтверждаются и анализируются посредством устных материалов. В статье отражаются причины и последствия беспорядка во время конфискации, а также анализируется влияние информационной пропаганды на ход конфискационной кампании. По ряду причин, конфискация на местах не проводилась по предписаниям вышестоящих государственных и исполнительных органов. Выявление и указание этих причин способствует исследователям раскрыть последствия проявления политической и социальной ситуации в обществе того времени. Последствия этих обстоятельств также были замечены на примерах более поздних событий, которые повлияли на характер жизни и условия повседневной жизни в целом в советский период. В такие сложные времена для казахов было очень важно протягивания руки помощи через родственные связи, а также вопросы взаимного партнерства. Все эти моменты отражаются не только в устных материалах, но и в архивных документах. Все это имела как положительные, так и отрицательные последствия для местных жителей. Отрицательные последствия таких особенностей казахов превратили реформы в сфере сельского хозяйства в мероприятия против простого народа.

Ключевые слова: Центральный Казахстан, конфискация, богатые, середняки, бедные, родство, власть, влияние, устный источник.

D.A. Dzhumabekov, M.Y. Ybyraikhan, A.B. Zhagypar

The confiscation campaign in Central Kazakhstan in the late 1920s: the impact of the role of local government and the specifics of traditional society

This article examines the characteristics and consequences of the confiscation campaign carried out in central Kazakhstan in the late 1920s, as well as the changes related to the local situation and the influence of family ties on the confiscation process. These themes are identified using archival data, confirmed and analysed through oral materials. The article deals with the causes and consequences of the unrest during the confiscation process and the influence of propaganda on the course of the confiscation campaign. For various reasons, the confiscation was not carried out in accordance with the instructions of the higher state and executive authorities. Identifying and specifying these reasons helps researchers to understand the consequences of the political and social situation in society at the time. The consequences of these circumstances could also be observed in later events that influenced the way of life and daily life conditions during the Soviet period. In such difficult times, it was crucial for the Kazakhs to seek help through family ties and partnerships. These aspects are reflected not only in oral traditions, but also in archival documents. These events had both positive and negative consequences for the local population. The negative consequences of these Kazakh peculiarities resulted in the agrarian reforms becoming measures against the common people.

Keywords: Central Kazakhstan, confiscation, rich, middle peasants, poor, kinship, power, influence, oral source.

References

- 1 Zhakisheva, S.A., & Khan, V.V. (2022). Pervichnyi etap debaizatsii v Kazakhstane: prichiny i usloviia [The Primary Stage of Debaization in Kazakhstan: Causes and Conditions]. *Ult zhady — National Memory*, 1 (1), 54–75 [in Russian].

- 2 (2022). Saiai qugyn-surgin qurbandaryn tolyq aqtau zhonindegi Memlekettik komissiianny materialdary (XX gasyrdyn 20-50 zhyldary) = Materialy Gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii zhertv politicheskikh repressii (20-50 gody XX veka) [Materials of the State Commission for the complete rehabilitation of victims of political repression (20-50 years of the twentieth century)]. T. 31. *Konfiskatsiia baiskikh khoziaistv v Kazakhstane na rubezhe 20-30-kh gg. XX v. — Vol. 31. Confiscation of farmsteads in Kazakhstan at the turn of the 20-30s of the twentieth century: monograph* (Zhakisheva, S.A., Author). [in Kazakh, in Russian].
- 3 Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq Memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — 5-q. — 20-t. — 76-is. — 302-308-p. [in Kazakh].
- 4 Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq Memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — 135-q. — 1-t. — 61-is. — 56-p., 181-183-p. [in Kazakh].
- 5 Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq Memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — 135-q. — 1-t. — 560-is. — 46-p. [in Kazakh].
- 6 Aqparat berushi Zh.O. Artyqbaev, tarikh gylymdarynyn doktory, professor [The informant is Artykbaev J. O., Doctor of Historical Sciences, Professor] [in Kazakh].
- 7 Nasenov, B. (2012). *Kampeskelengender. T. 24. XXIV bolim. XXX kniga. Almaty. Respublika arkhivi soileidi = Govorit Gosarhiv respubliki* [Confiscation. Vol. 24. Section XXIV. Book XXX. Almaty. Says the Archive of the Republic]. Almaty-Novosibirsk [in Kazakh, in Russian].
- 8 Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq Memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — 135-q. — 1-t. — 810-p. — 18-p., 184-185-p, 302-304-p. [in Kazakh].
- 9 Burhanova, K.N. (2007). (Ed.) *Ocherki po istoriografii i metodologii istorii Kazahstana: monografiia* [Essays on historiography and methodology of the history of Kazakhstan: monograph]. Almaty: Iskander [in Russian].
- 10 Abylhozhin, Zh.B. (2019). *Poststalinskii period v istorii Sovetskogo Kazakhstana: chereda obrechennykh reform i nesostoiavshisya deklaratsii (1953-1991 gg.)* [The post-Stalin period in the history of Soviet Kazakhstan: a series of doomed reforms and failed declarations (1953-1991)]. Almaty: KBTU [in Russian].
- 11 Qaragandy oblystyq Memlekettik arkhivi [Karaganda Regional State Archive]. — 18-q. — 1-t. — 3540-is. — 4-p. [in Kazakh].
- 12 Qaragandy oblystyq Memlekettik arkhivi [Karaganda Regional State Archive]. — 1224-q. — 1-t. — 367-is. — 12-p. [in Kazakh].
- 13 Qaragandy oblystyq Memlekettik arkhivi [Karaganda Regional State Archive]. — 1224-q. — 1-t. — 907-is. — 26-p.
- 14 Qaragandy oblystyq Memlekettik arkhivi [Karaganda Regional State Archive]. — 468-q. — 5-t. — 2890-is. — 160-p.
- 15 Qaragandy oblystyq Memlekettik arkhivi [Karaganda Regional State Archive]. — 135-q. — 1-t. — 422-is. — 64-p., 289-292-p.
- 16 Maksurina, B. (2017). Tugan zhyly: 07.11.1938; Interviu alyngan oryn zhane uaqyt: Qarqaraly audany [Date of birth: 11/07/1938; Place and time of Interview: Karkaralinsky district] [in Kazakh].
- 17 Karbanova, N.T. (2005). Tugan zheri: Shet audany; Interviu alyngan oryn zhane uaqyt: Almaty q. [Place of birth: Shetskiy district; place and time of Interview: Almaty] [in Kazakh].
- 18 Medetbekov Kalkabai, auyzsha interviu algan G.M. Smagulova [Oral interview by G.M. Smagulova] [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Джумабеков Джамбул — тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының доценті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-7714-717X>

Ыбырайхан Марат — PhD, Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының ассистент профессоры, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті; <https://orcid.org/0000-0002-7035-1872>

Жағыпар Әділет — PhD докторант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0006-6791-6154>

Information about the authors

Dzhumabekov Dzhambul — Candidate of Historical Sciences, Associate professor of the Department of History of Kazakhstan and the Assembly of People of Kazakhstan, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0002-7714-717X>

Ybyraikhan Marat — PhD, Assistant Professor of the Department of Archeology, Ethnology and history of the Fatherland, Karaganda Buketov University, Karaganda, Karaganda, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0002-7035-1872>

Zhagipar Adilet — PhD student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Karaganda, Kazakhstan; <https://orcid.org/0009-0006-6791-6154>